

**Жамбыл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 5 наурыздағы № 29-155 "Жамбыл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 70 -326 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2020 жылы 13 мамырда № 5521 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 қыркүйектегі № 7-32 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 28.09.2023 № 7-32 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Жамбыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жамбыл аудандық мәслихатының "Жамбыл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 5 наурыздағы № 29-155 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4576 тіркелген, 2018 жылдың 28 наурызында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Жамбыл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

6-тармақтың 1) және 4) тармақшалары келесі редакцияда баяндалсын:

"1) 15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні;"

"4) 29 тамыз - Семей ядролық сынақ полигонының жабылған күні.";

7-тармақтың 1) және 5) тармақшалары келесі редакцияда баяндалсын:

"1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері – 500 айлық есептік көрсеткіш;"

"5) әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын азаматтарға отбасы табыстарын есепке алмай – 5 айлық есептік көрсеткіш;"

7-тармақ мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) жан басына шаққандағы орташа табысы облыс бойынша ең төмен күнкөріс деңгейінің жетпіс пайыздық қатынасынан аспайтын, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқытылатын балалары бар отбасылар – 5 айлық есептік көрсеткіш.";

7-тармақтың үшінші абзацтың 3) тармақшасы келесі редакцияда баяндалсын:

"3) осы Қағидалардың 7-тармағының 10) тармақшасын есептемегенде, облыс бойынша ең төмен күнкөріс деңгейіне бір еселік қатынас шегінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы.";

11-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл аудандық мәслихатының "Әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту, халықты әлеуметтік қорғау, білім, денсаулық сақтау, тіл, спорт, мәдениет, қоғамдық ұйымдармен байланыс, құқықтық реформа және заңдылық жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл аудандық мәслихатының сессия төрағасы*

*Жамбыл аудандық мәслихат хатшысы*

*Д. Чажабаяев*

*С. Жұрын*